

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

**Айналысы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында
жоспарланатын облигациялар шығарылымының проспектісіне қосымша
шектеулерді (ковенанттарды) енгізу бойынша**

Листингілік комиссияның Ұ С Ы Н Ы М Д А Р Ы

09 сәуір 2021 жыл

Алматы қ.

2003 жылдың 02 шілдесіндегі "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 84 бабының 6 тармағында:

"6. Листингілік комиссия шығарылым аңдатпасында, ұйымдастырылған нарықта олардың айналымы көзделетін облигацияларды шығаруды жоспарлайтын, эмитентке беру үшін инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді эмитенттің бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасына енгізу жөнінде ұсынымдар дайындайды. Листингілік комиссиясының ұсынымдарын эмитенттің қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы ақпарат қор биржасының интернет-ресурсында орналастырылады."

Заңның көрсетілген тармағын орындау үшін Листингілік комиссия (2021 жылдың 09 сәуіріндегі № 12 отырыс хаттамасы) эмитенттерге Заңда белгіленген шектеулерден (ковенанттардан) басқа, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысы жоспарланған олардың облигацияларының шығарылым аңдатпасына эмитент өзі шығарған облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сақтауға тиіс мынадай қосымша шектеулерді (ковенанттарды) қосуды ұсынады:

- 1) облигациялардың эмитенті мен Биржа арасында жасалған листингілік келісім-шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- 2) облигациялардың эмитенті мен Биржа арасында жасалған листингілік келісім-шартында және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген облигациялар эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу;
- 3) инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажетті, осы эмитент қызметінің ерекшелігін және осы қызметке тән тәуекелдерді көрсететін облигациялар эмитентін таңдау жөніндегі басқа да қосымша шектеулер.